



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## Іскерлік белсенділік баяулап келеді, бірақ оң аймақта


2024 жылдың қазан айындағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің  
түсіндірмесі

Астана қ.

2024 жыл, 4 қараша

2024 жылғы қазанда іскерлік белсенділік баяулап келе жатқанын көрсетті, алайда, көрсеткіш **50,9** құрап, тоғыз ай қатарынан оң аймақта қалды.

Қазанда қызмет көрсету секторында іскерлік белсенділіктің **50,6-ға дейін** баяулауы (қыркүйектегі 51,4-тен) индекстің динамикасына әсер етті. Басқа барлық секторда динамиканың жақсарғаны байқалды: өндірісте индекс – **52,8-ге** (қыркүйектегі 52,3-тен), құрылыста – **52,0-ге** (қыркүйекте - 50,4) дейін, тау-кен өнеркәсібінде де іскерлік белсенділік индексі теріс аймақта қалса да, көрсеткіш **49,4-ке** дейін көтерілді (қыркүйекте – 48,9).



2024 жылғы қазанда **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** біршама төмендеді. Бизнес жүргізудің қазіргі және болашақ шарттарын бағалау динамикасы нашарлағанымен, бағалар оң аймақта қалды. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы да **өсу аймағында** тұр.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өнімдеріне/көрсетілетін қызметтеріне деген сұраныстың өсу қарқыны әлі де баяу, әсіресе, сауда саласында. Респонденттер инфрақұрылымға қолжетімділікті оң бағалады, алайда, қалған факторлар бойынша (бизнесі қорғау мәселелері, салық жүктемесі және қаржыға/кредитке қолжетімділік) теріс баға басым.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)